

* * *

Даламен жүріп,
Орғанын үйіп,
Келеді орып дем алмай,
Уһілейді қара жер,
Уһілейді теңіздер,
Күңіренеді жаңғырып.
Қараңғы түнде, айсызда,
Орақшы серік байғұзға.
Келеді орып дем алмай,
Ешбір жанға қарамай.
Мейлің жыла, не жалын,
Тастар емес орағын,
Бақша болсын, жер болсын,
Әйел болсын, ер болсын
Жетімнің де көп зарын,
Кездескеннің небәрін
Ұстарамен типыл ғып,
Келеді бір шал қырып.
Өлендетіп орып шал
Келеді үйіп тау қылып,
Патшаны да құтқармас,
Қала алмаспын мен бұғып,
Жүргенімде жат жерде,
Кетер таптап, бауыздап,
Крест қоймас басыма
Ешкім мені ауызға ап.